

Көктөбе ауылдық округіне қарасты елді мекендерге көше атауын беру туралы

Ақтөбе облысы Хромтау ауданы Көктөбе ауылдық округі әкімінің 2009 жылғы 5 ақпандағы № 1 шешімі. Ақтөбе облысының Хромтау аудандық әділет басқармасында 2009 жылдың 10 ақпанда № 3-12-82 тіркелді

Ескерту. Шешімнің деректемелерінде, атауында және бүкіл мәтіні бойынша " селолық", "селолық округіне", "Құдықсай селолық округіне", "селосында", "елді мекені" сөздері "ауылдық", "ауылдық округіне", "ауылында" сөздерімен ауыстырылды Ақтөбе облысы Хромтау ауданы Көктөбе ауылдық округінің әкімінің 17.08.2015 № 4 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы " Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабына, сондай-ақ, Көктөбе ауылдық округіне қарайтын елді-мекен тұрғындарының 2009 жылғы 05 ақпандағы конференциясының хаттамасына сәйкес, Көктөбе ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Хромтау ауданы Көктөбе ауылдық округінің әкімінің 22.05.2017 № 3 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Көктөбе ауылдық округіне қарасты елді мекендердегі атауы жоқ көшелерге атаулары берілсін:

1) Майтөбе ауылында: Тәуелсіздік, Желтоқсан, Республика, Жеңіс, Достық, Жастық ;

2) Көктерек ауылында: Бейбітшілік көшесі.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Көктөбе ауылдық округінің әкімі:

Қ.Тәшенов